апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№48/536
01 декабря 2017 года
газета издается с 26.06.2004 года

# АЛҒАШҚЫ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДАРДАН АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ



**Бейсенбі, яғни қарашаның 24-жұлдызы күні «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күні мерекесіне арналған салтанатты жиын болып, оған қаладағы кәсіпорын, мекеме, ұйымдар мен жастар өкілдері, қала тұрғындары және қонақтар қатысты.**



Салтанатты жиын шымылдығын Ж.Орақова, Г.Шералиева және Ж.Ақпен орындаған «Елбасы» әні ашты. Қазақстан Республикасының әнұраны орындалғаннан кейін мерекемен құттықтау сөз қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге беріліп, ол салтанатты жиынға қатысушыларды мерекемен құттықтады. Құттықтау марапаттау рәсімімен жалғасып, көп балалы аналар Ульяна Кинабовна Джентинбаева «Алтын алқа», Гүлмира Тұрғанбекқызы Хизирова «Күміс алқа» төсбелгілерін омырауларына қадады. Қарағанды облысының Алғыс хатымен Приозерск қаласы мемлекеттік архивінің жоғары санатты архивисі Сәбира Болатқызы Болатова, қала әкімінің Құрмет грамотасымен № 47 өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі Сырлыбай Болатайұлы Жарқынасылов және қала әкімінің Алғыс хатымен «Айналайын» КМҚК бөбекжай-бақшасының музыка жетекшісі Марс Әбуұлы Сүлейменов марапатталды. Сондай-ақ Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Серікбай Тұрсынұлы Бұқпантаев «Құрметті жеркұрылысшысы» төсбелгісіне ие болды.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарының он үшінші еңбек маусымының аясында өткізілген облыстық сайыстың қортындысы бойынша «Үздік Жасыл Ел жасағы» аталымының жеңімпазы дипломымен Приозерск қаласының «Жасыл ел» жасағы марапатталып, Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсеевке тапсырылды. «Мерейлі отбасы» республикалық байқауының қалалық деңгейінен өтіп, этномәдени бірлестіктері



отбасылары арасынан «Менің отбасымның салт-дәстүрі» атауымен облыстық байқауға отбасымен қатысқан жерлесіміз Марат Файзуллаұлы Нұрлыбаевтің отбасына бағалы сыйлық табыс етілді. Мереке қарсаңында баспаналы болған отбасылардың қуанышы да өз алдына еді. Атап айтқанда Тұғыш Президент күні мерекесі құрметіне Владимир Аманович Қалықовқа, Серік Қонысбайұлы Әйтімбетовке, Ұлжан Таңатарқызы Сүлейменоваға және Мақсат Әбдіқалиұлы Сыдықовқа пәтер кілттері табысталды.

Салтанатты жиында Ресей Федерациясы Қарулы Күштеріне қатасты Сарышаған сынақ алаңының 03080 әскери бөлімінің өкілі, «Нұр Отан» партиясы қала-



лық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсенбаев құттықтау сөз сөйлеп, «Нұр Отан» партиясының төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатын жүзеге асыруға атсалысқан, облысымыздың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүрген төмендегі азаматтар «Нұр Отан» партиясы Қарағанды облыстық филиалының Алғыс хаттарымен марапатталды: Ұлан Алмасұлы Алмас, Ирина Александровна Морозова, Нұртай Әбдірахымұлы Стамқұл және Гүлнар Төлеуханқызы Узалина. Салтанатты жиын аясында «Бірыңғай «Жас Ұлан» «Жас қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсімі болып өтті. Онда осы ұйымға мүшелікке өтіп жатқан оқушылар ант қабылдап, олардың мойындарына галстук тағу құрметі қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзинге, 03080 әскери бөлімінің өкіліне, Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Дулат Орынбасарұлы Дүйсенбаев пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жарас Қармысоваға ұсынылды.



Салтанатты жиын соңы қала өнерпаздары ұйымдастырған коцерттік бағдарламаға ұласты. Мерекелік концетті «DANA» би тобы «Халықтар достығы» биімен бастады. Жансая Орақова мен Әсет Жолдасбаев «Астана – махаббатым менің», Айғанша Болысова «Айқаракөз» әндерін тамылжыта шырқады. Жуырда ғана бесінші рет өткерілген «Екі жұлдыз» байқауының бірінші орын иегері Елена Бычкова «Зажигай сердце», осы байқаудың бас жүлдесін жеңіп алған жұп Балнұр Сарманова мен Әсет Жолдасбаев «Сен едің» әнімен сахнаға шықты. Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты жиын мерекелік концертінің шымылдығы «Жас ұлан – 2016» байқауының бірінші орын иегері Бахытжан Сайырмановтың Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өлеңіне әнін әйгілі әнші-термеші Бекболат Тілеуханов жазған «Елім менің» әнімен жабылды.



***

Тұңғыш Президент күніне арналған салтанатты жиын Приозерск қаласы әскери гарнизонының ісшаралар өткізу орталығында да болып өтті. Салтанатты жиында Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жаслан Қайыргелдіұлы Жакупов, қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин, 44841 әскери бөлімінің командирі міндетін уақытша атқарушы подполковник Нұрбол Маратұлы Рахов, 18405 әскери бөлімінің командирі подполковник Талғат Асқарбекұлы Саламатов, 60601 әкери бөлімі командирінің тәрбие және идеология жұмыстары жөніндегі орынбасары, майор Дәулет Нариманұлы Бейсеков құттықтау сөз сөйледі. Құттықтаулардан соң әскери бөлімдер командирлерінің мерекелік шараға байла-



нысты марапаттау бұйрықтары оқылды және бірқатар әскери қызметшілерге марапаттары мен мақтау қағаздары табысталды.

Салтанатты жиын соңында әскери қызметшілердің көркемөнерпаздарының ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама тамашаланды.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,**

***Суреттерде: салтанатты жиыннан көріністер***

# ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Байқауымша, Елбасының өмірбаяны туралы мектеп оқушыларының біразы білмейтін секілді. Қазақтың тұңғыш Президентінің жасап жатқан істері мен қабылдайтын жарлық, қаулы-қарарлары туралы БАҚ-нан жиі естіп отырғанымызбен, көп ретте нақты өмір-тарихы айтыла бермейтіні де рас. Өйткені кейбір дардай азаматтарың өзі осы тұлға жайлы нақты айтып бере алмайтынына көз жеткердім. Сондықтан осы жайлы жазып, жұртқа ұсынуды жөн көрдім. Президент дегенде – адам баласының ойында бай, текті отбасыдан шыққан деген ой туындайтыны белгілі. Ал, қазақ елінің президенті қарапайым отбасы болған еңбек адамдары Әбіш пен Әлжан ананың отбасында дүниеге келген.

Мектепті бітіргесін 1960-жылы Днепродзержинск техникалық училищесін, 1967-жылы Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғары оқу орнын, 1967-жылы Кеңес Одағы коммунистік партиясы Орталық комитетіне қарасты Жоғары партия мектебін бітірген. Еңбек жолын 1960-жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында қатардағы жұмысшы болып бастап, домна пешінің аға газдаушылығына дейінгі жолдан өтеді.

Қарапайым жұмысшыдан бастау алған өмірі біртіндеп лауазымды қызметтерге қарай өрлеген ол Қарметкомбинаттың партком хатшысы, Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, екінші хатшысы, Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы қызметтеріне дейін жоғарылайды. Басшылық қызметтерде өзінің сауаттылық, мәмлегерлік, ұйымдастырушылық т.б. басшыға лайық қасиеттері мен қабілетін көрсеткен Нұрсұлтан Әбішұлы 1989-жылы 48 жасында Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып, Үкімет басына келді. Кеңес өкіметі шатқаяқтап тұрған 1990-жылғы сәуір айынан бастап Қазақ КСР президенті болып ең жоғары лауазымды атқарды. Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін 1991-жылғы желтоқсанның 1-жұлдызында тұңғыш рет Қазақстан Республикасы Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев басым дауыспен жеңіске жетті. Содан бергі кезеңде елімізді алға бастырып келеді. Ол кісінің басшылығымен Қазақстан әлемге танылды.

Елбасымыздың көптеген кітаптары, өлеңдері мен дәйексөздері бар. Мысалы: «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін», «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Бейбітшілік кіндігі», «Ғасырлар тоғысында», және т.б. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранның сөзіне түзету енгізген Елбасымыз екенін ұмытпаған жөн.

Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясы мемлекет дамуының басым бағыттарын айқындады. Н.Ә.Назарбаевтың экономист және саясаткер ретіндегі жеке беделі елде қолайлы инвестициялық ахуалдың қалыптасуына, көптеген мемлекеттермен және халықаралық қаржы инситуттары мен қарқынды экономикалық ынтымақтасуға игі ықпал етті. Республикамызда ауылдарды, шағын қалаларды, қалаларды дамытуға, тұрғын үй құрылысын қарыштатуға, егер де бір кәсіп ашамын десең, белгілі бір мөлшерде несие беріліп, ал мамандық иесі боламын десең, белгілі мерзімде оқуға жіберуге назар аударды және тағы басқа ел игілігі үшін бағытталған ірі әлеуметтік бағдарламалар іске асырылуда. Елбасымыздың осылайша мемлекетті басқаруының арқасында Дүниежүзілік сарапшылар арасында «Қазақстандық үлгі» термині пайда болды.

Н.Ә.Назарбаев – Қазақстанның ең жоғары ерекшелік белгісі «Алтын Қыран» орденімен, сонымен қатар көптеген елдердің жоғары наградаларымен марапатталған. Елбасының мемлекетті басқару кезіндегі, жүргізіп келе жатқан саясаты өзге мемлекеттерге қарағанда сапалы және тиімді. Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосқан – қазақ елінің, тұңғыш президентіне алғысымыз шексіз!

**Жолмұрат КЕҢЕСОВ,**
***«Приозерск қаласының мемлекеттік архиві» КММ-нің басшысы***

# ПРЕЗИДЕНТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН - СИМВОЛ И ГАРАНТ ЕДИНСТВА НАРОДА

14 декабря 2011 года в Закон «О праздниках в Республике Казахстан» внесено дополнение, согласно которому в Республике был установлен государственный праздник - День Первого Президента Республики Казахстан.

Установление дня празднования указанного праздника – 1 декабря – является не случайным, ведь именно в этот день в 1991 году впервые состоялись прямые выборы Президента Республики, на которых был избран Нурсултан Абишевич Назарбаев.

С того памятного дня прошло чуть более 25 лет. Осмысливая достижения Казахстана за указанный период, в числе которых - межнациональное согласие и политическая стабильность в обществе, мы не можем не признать заслуг Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева.

Первый Президент Республики Казахстан Нурсултан Абишевич Назарбаев является основателем нового независимого государства, обеспечивший его единство, защиту Конституции, прав и свобод человека и гражданина.

Благодаря мудрой и выверенной политике Главы государства Республика Казахстан занимает высокое положение на международной арене, неопровержимым и ярким свидетельством чему является председательствование Казахстана в ОБСЕ в 2010 году.

Учитывая указанные достижения Президента Республики Н.А. Назарбаева, в 2007 году в статью 46 Конституции Республики Казахстан было внесено дополнение о том, что статус и полномочия Первого Президента Казахстана определяются Конституцией Республики и конституционным законом.

В 2010 году, учитывая огромное уважение и доверие со стороны народа Казахстана, в указанный Конституционный закон были внесены поправки, согласно которым Первый Президент Республики Казахстан является Лидером Нации.

Говоря о конституционном статусе Президента Республики, необходимо отметить, что он установлен статьей 40 Конституции Республики Казахстан, которая определяет место Президента в системе органов государственной власти. В соответствии с указанной статьей Президент Республики является:

-Главой государства;

-высшим должностным лицом государства, определяющим основные направления внутренней и внешней политики государства и представляющим Казахстан внутри страны и в международных отношениях;

-символом и гарантом единства народа и государственной власти, незыблемости Конституции, прав и свобод человека и гражданина. Президент обеспечивает согласованное функционирование всех ветвей государственной власти и ответственность органов власти перед народом.

Так, статья 44 Конституции Республики Казахстан перечисляет 20 основных полномочий Президента Республики. К примеру, по отношению к народу Президент Республики осуществляет полномочие по обращению к нему с ежегодным посланием о положении в стране и основных направлениях внутренней и внешней политики Республики.

По отношению к Парламенту и его Палатам Президент Республики назначает очередные и внеочередные выборы, созывает первую или внеочередную сессию Парламента и принимает присягу его депутатов народу Казахстана.

Предусмотрены также полномочия Президента Республики по отношению к Правительству. Это, к примеру, назначение и освобождение от должности Премьер-Министра Республики и членов Правительства Республики, принятие у членов Правительства присяги; определение структуры Правительства Республики, председательствование на заседаниях Правительства по особо важным вопросам. Имеются также полномочия Президента Республики по отношению к органам, непосредственно подчиненным и подотчетным ему, а также в отношении их руководителей.

В статье 44 Конституции Республики Казахстан закреплены и законодательные полномочия Президента Республики в части подписания им законов и международных договоров Республики.

Указанная статья содержит также полномочия Президента Республики в области внешней политики, обороноспособности и безопасности государства, в отношении республиканского референдума.

При этом согласно подпункту 21) указанной статьи Президент Республики осуществляет и другие полномочия в соответствии с Конституцией и законами Республики. Тем самым Конституция Республики Казахстан допускает расширение компетенции Главы государства в законах.

В Конституционном законе «О Президенте Республики Казахстан» выделены следующие группы полномочий Президента Республики: внешнеполитические, в области обороны и безопасности государства, а также в отношении Парламента, Правительства, Конституционного Совета, судов и судей, органов прокуратуры, Центральной избирательной комиссии, Национального банка, Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, акимов, в отношении республиканского референдума и иные полномочия.

В целом полномочия Президента Республики сводятся к трем моментам: взаимоотношения между народом и государством; отношения в части обеспечения Государственной независимости во всех ее проявлениях; соблюдение принципа единства государственной власти и разделения властей, включая механизм сдержек и противовесов.

Указанные полномочия позволяют Президенту Республики Казахстан Н.А.Назарбаеву быть гарантом стабильности и сохранения после-довательного курса развития Республики Казахстан, проявляющегося как во внутренней, так и во внешней политике.

**Управление юстиции города Приозерск**

# ЕЛБАСЫ КҮНІ – ЕЛДІККЕ ҚҰРМЕТ

**Ағымдағы жылдың 28-ші қараша күні Қарағанды облысы Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-да «Елбасы күні елдікке құрмет» атты мерекелік концерт өткізілді.**

Өткізіліп отырған іс-шараның басты мақсаты тәрбиеленуші бүлдіршіндерге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті туралы толық мағлұмат беру, оларды өз отанын, туған жерін сүюге, қорғауға және құрметтеуге тәрбиелеу.



Концерттік бағдарлама ән ұранмен және ересек «Балдәурен» тобының тәрбиеленушісі Нурланаова Аяжан Еркінқызының «Ағатайым» әнімен ашылды. Ал, «Қарлығаш», «Жұлдыз», «Балауса» және «Балдәурен» тобының тәрбиеленушілері Елбасы туралы мақал-мәтелдерін айтып, тақпақтарын айтса, II кіші «Ақбота» тобының тәрбиеленушілері «Балапан» әнін орындады. Сондай-ақ, бөбекжайымыздың ата-анасы, қаламыздың әншісі Жолдыбаев Әсет мерекемізге арнайы келіп, «Елім менің» атты әнмен шашуын арнады. Ал, бөбекжайымыздың музыкалық жетекшісі Сүлейменов Марс «Елін сүйген, ел сүйген Елбасы» атты жыр шумақтарын, Елбасына арнап шығарған шығармашылығынан үзінді оқып, «Атамекен» әнін орындады. Осындай көтеріңкі көңіл күймен, бөбекжайымыздың биші қыздары «Шашу» биін билесе, «Балдәурен» тобының тәрбиеленушілері флешмоб көрсетті.

Мерекелік концертіміздің соңында, бөбекжайымыздың I кіші топтарының тәрбиеші, әнші қыздарымыздың «Елбасы» атты әнін орындап берді. Өткізіліп отырған «Елбасы күні елдікке құрмет» атты мерекелік концертіміз арқылы, келген қонақтар мен балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлай отырып, патриоттық сезімдеріне өз үлесімізді қостық деген сенімдеміз.

**Г.И. Исиркова, А.Е. Жубантаева,**
***«Балақай» бөбекжайы» КМҚК-ның тәрбиешілері***

# ПУТЬ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА КАЗАХСТАНА

Казахстан за годы своей независимости прошел трудный, но славный путь становления государственности, укрепления единства нации, создания рыночной экономики. У нас появились свои национальные праздники, широко отмечаемые всей страной. Одним из таких праздников является «День Первого Президента», ежегодно отмечаемый 1-декабря. Слова нашего Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева „Мечтая о нашем великом будущем, не следует забывать и о нашем достойном прошлом“ стали эпиграфам классного часа, совместно проведенного в 8 «А» и 5«А» классах.





В этом году классный час назывался «Путь Первого Президента Казахстана» и был посвящен жизненному пути Президента, с самого детства до сегодняшних дней. Цель проведения классного часа - познакомить учащихся с биографией Н.А.Назарбаева. Кроме того, данный классный час несет большую воспитательную нагрузку - воспитание патриотизма, духовной нравственности, развитие интеллектуальных способностей детей. Наши дети должны знать историю становления своего государства и его Президента, который так много сделал для процветания нашей страны. Ведь подрастающее поколение – это наше будущее!

Классный час начался с вводной беседы, в ходе которой учащиеся ответили на вопросы: Кто является главой нашего государства? Что вы знаете о нашем Президенте? Заранее подготовленные учащиеся рассказали классу о жизни президента РК. Рассказ сопровождался на фоне просмотра презентации. Также учащиеся узнали о хобби Президента, каким видом спорта он занимается.

**Г.О. Мухтарова,**
***учитель биологии КГУ «ОШ №2 г. Приозёрск»***

*Иман айнасы*

# ТАЛАҚ ДЕП ТАҚЫЛДАҒАНДАР ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА БАЛТА ШАБАДЫ

**«Kazislam» порталының сарапшысы, дінтанушы, PhD докторы Ершат Оңғаровпен сұхбат.**

***Жасыратыны жоқ, қазір елімізде шайқалған шаңырақтар мен ойран болған отбасылар саны күн санап көбеюде. Оған енді «Талақ!» - деп тақылдайтын жастар шығып жатыр. Бұрын қазақ қоғамында ақ неке деген ұғымның орны қандай еді осы?***

Неке халқымызда қасиетті ұғым. Сондықтан оны жәй ғана неке деп емес, ақ неке, ақ некелі асыл жарым, құдай қосқан қосағым, ақ отауым, ақ шаңырағым деп ерекше құрметтеген. Асыл аналарымыз бен ардақты әкелеріміз қара басының қамынан отбасы-ошақ қасының татулығын бірінші орынға қойған. Отбасы болған соң ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды. Бұрын әжелеріміз отбасында болып жатқан түсініспеушіліктерді сыртқа білдірмеген. Барлығын ақылмен, сабырмен өзара шешіп отырған. Қашан да «ұят болады» деген сөз саналарында тұратын. Бір-бірінің жамандығын жасырып, жақсылығын асырып отырған. Шаңырақтың биік, босағаның берік болу құпиясының бәрі осында жатса керек. Ұзақ жыл отасқан аналарымыздан бақытты отбасы болудың құпиясын сұрағанда көпшілігі «қиындықты бірге жеңдік, сабырлы болдық, бір-бірімізге кешірімді болдық» деп жатады. Психологтардың ай-туына қарағанда, ерлі-зайыптылардың өмірде кездескен қиындықтарды бірге жеңе білуі нәтижесінде олардың қарым-қатынастары жаңа сатыға көтеріліп, бір-біріне деген сүйіспеншіліктері одан сайын арта түседі екен. Яғни, өмірде кездесетін қиындықтар оларды шыңдай түседі.

***Көпшілікке топырақ шашудан аулақ-пыз, әрине! Тамыры тастай бекіген небір мықты отбасылар бар. Дегенмен қазіргі отбасылардың түйткілдері туралы не айтасыз?***

Ал қазіргі әлемдік жаһандану заманында отбасының баға жетпес құндылық ретіндегі мәні жойылып барады. Статистика мәліме-тіне сүйенетін болсақ, елімізде некелескен жұптар саны азайып, ажырасқан отбасылар саны артып келеді екен. Мәселен елімізде 2016 жылы 140 840 неке тіркелген болса, соның 51 775-і ажырасып кеткен. Ал некесін заңды түрде тіркемей, тек шариғи неке қиғызумен шектеліп, содан соң үйленбей жатып ажырасып, талақ беріп жатқандар қаншама? Ең сорақысы да осы болып тұр. Бұрынсоңды ел естімеген, елімізде болмаған, ұлтымызға, дінімізге мүлдем жат, жиркеніші әрекеттер белең алып барады. Бірнеше әйелге үйленіп, ертеңіне «талақ» деп некесін заңдастырмай, ажырасып жатқандар көбейді. Бұл ұлттың болашағына балта шауып, халықтың арасына іріткі салуды көздеген жаман ниеттегі адамдардың іс-әрекеті екені анық. Өкінішке қарай, біздің ештеңеден бейхабар, сауатсыз, аңқау қаракөз қыздарымыз солардың арбауына оңай түсіп, сан соғып қалып жатыр. Нәтижесінде заңсыз туған жетім балалар, жесір аналар саны артуда. Осының бәрі өзіміздің сан ғасырлардан бері келе жатқан ұлттық құндылықтарымызға, асыл дінімізге мән бермей, өзге мәдениетке еліктеудің нәтижесі болса керек. Бұған тосқауыл қоймасақ, елдігімізге, ұлтымызға зиянын тигізеді, тіпті мемлекеттің тұрақтылығына нұқсан келтіретіні анық. Ол үшін ел болып, ұлт болып жан-жақты күресуіміз керек. Бұл мәселеге еліміздің әрбір азаматы атсалысуы тиіс. Опық жеп қалған қыз сіздің туған қарындасыңыз, қызыңыз немесе сіңліңіз болуы да мүмкін еді ғой.

***Енді мұның қандай шешімдерін көріп отырсыз?***

Мемлекеттік мекемеде тіркеуден өткен соң барып мешітте неке қидыру керек. Сондай-ақ «қызға қырық үйден» тыйым салып, ата-ана олардың әрбір қадамын жіті қадағалап отыруға міндетті. Егер балаларының немесе қыздарының қандай да бір іс-әрекетінен күмәнданса, оғаш қылықтар байқаса, онымен сөйлесіп, сөздеріне құлақ аспаса тиісті орындарға хабарлауы қажет. Білім ордаларының жоғары сынып оқушылары арасында, жоғарғы оқу орнында оқитын қыздарымыздың арасында арнайы мамандардың түсіндіру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуі қажет. Тіпті теледидар, радиохабарларында берілетін жаңалықтарда құлаққағыс етілуі қажет. Сонымен бірге алданып қалған аруларымызға да зерттеу жүргізу артық болмайды. Алданып қалатын көбіне кімдер, қай жастағылар, не себепті?

Біреудің арын таптап, қорлауға, тағдырымен ойнауға тек имандылықтан, ардан, адамгершілік қасиеттерден жұрдай адамдар ғана бара алады. Оларға қатаң жаза берілуі тиіс. Ал отбасында тәрбие көрген, ізетті жан, шынайы мұсылман мұндай әрекеттерге әсте жол бермесе керек. Себебі ол Алланың алдында жауап беретінін білгендіктен адам түгілі тіршілік атаулыға титтей де қастандық жасамайды. Әрбір ата-ана отбасында біреуді қорлаудың түбі жақсылыққа апармайтынын, ата-ананың ақ батасын алып, бас қосқан екі жастың ғана бақытты болатынын баласының құлағына құйып отырса артық болмас еді.

Мұндай мәселелер біздің елімізде ғана емес, өзге елдерде де кездесететіні анық. Осы орайда өркениетті елдерде бұл мәселе қалай шешімін тапқан, көршілес елдер қалай күресіп жатыр, олардың жақсы әдістерін қолдануымыз керек. Әсілі, біздің ата-бабаларымыз ұстанған қағидаларды біз де санамызға сіңірсек, адалдық, өтірік айтпау, біреудің ала жібін аттамау сияқты адамгершілік құндылықтарды ардақтай білсек, адамның бір-біріне деген құрметі артып, бақытты отбасылар қатары да көбейер еді.

***Тұщымды ой-пікірлеріңізбен бөліскеніңізге көп рақмет!***

**Сұхбаттасқан Құдайберді Бағашар**

**Қала тұрғындарының назарына *** К сведению населения**

# АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ЖАҢА НҰСҚАСЫ

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев әлеуметтік қорғаудың атаулы жағын күшейте отырып, оның тетіктерін жетілдіру жөнінде міндет қойды, яғни әлеуметтік көмек тек қана нақты мұқтаж азаматтарға ұсынылатын болады. «Бес институционалды реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» – Ұлт жоспарының 84-қадамын іске асыру шеңберінде, 2015-жылғы 28-қазанда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды.

Заңда 2018-жылғы 1-қаңтардан бастап әр отбасы мүшесіне шаққанда табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің 50 пайызынан (бүгінде - 40%) төмен болған жағдайда отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тәртібін енгізу көзделген, жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек қазіргі кезде қолданыстағы: көпбалалы отбасыларға арналған арнайы мемлекеттік жәрдемақының (АМЖ), аз қамтылған отбасылардың 18 жасқа дейінгі балаларына арналған мемлекеттік жәрдемақының (МБЖ) және аз қамтылған үй шаруашылықтарына берілетін атаулы әлеуметтік көмектің (АӘК) орнына тағайындалады. Әлеуметтік көмектің жаңа форматын енгізуге дайын болу үшін 2016-жылдан бастап шартты ақшалай көмек ұсыну бойынша атаулы әлеуметтік көмек жаңа тетігі бойынша төленетін «Өрлеу» пилоттық жобасы жүзеге асырылуда. Сол аралықта қиын өмірлік жағдайға тап болған жүздеген және мыңдаған адамдарға қолдау көрсетіліп, өз қажеттілігі мен нәтижелерін көрсетті.

Атаулы әлеуметтік көмек шартты және шартсыз ақшалай жәрдем деп 2 түрге бөлінеді: **Шартты ақшалай көмек** құрамында еңбекке жарамды кем дегенде бір мүшесі бар отбасыға әлеуметтік келісімшарт жасасқан жағдайда, сонымен қатар, отбасының барлық еңбекке жарамды мүшелері жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысқан жағдайда беріледі. Жәрдемақы 6 айға тағайындалады және ай сайын немесе бір ретте төленетін болады. Бір реттік төлем тек қана өз ісін және қосалқы шаруашылығын ашуға ниетті тұлғаларға беріледі.

**Шартсыз ақшалай көмек** құрамында еңбекке жарамсыз мүшелері бар отбасыларға (мысалы, қарт зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы) немесе еңбекке жарамды мүшелері еңбекпен қамту шараларына белгілі бір себептермен қатыса алмайтын отбасыларға (мысалы, мектеп жасындағы балалары бар жалғызбасты ана) беріледі. Мұндай отбасылардан жәрдемақы алуы үшін жұмыспен қамту шараларына міндетті түрде қатысу талап етілмейді. Атаулы әлеуметтік көмектің мөлшері отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен 50 % төмен әрбір отбасы арасындағы айырма түрінде есептеледі. Мысалға алсақ: отбасы 3 азаматтан тұрады, анасы және 1 мектеп жасындағы баласы мен 3 жасқа толмаған 1 баласы бар. Бұл кісі мектеп жасындағы балаларының болуына байланысты жұмыспен қамту шараларына қатыса алмауына орай шартсыз ақшалай көмек түрі тағайындалады. Отбасына түсетін айлық табыс 30 мың теңге, табысты отбасының жан басына шаққанда 10 мың теңге шығады. Осы шыққан сомадан ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50% айырма түрінде есептейміз. 2018-жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 16% жоғарылайды, яғни қаңтар айынан бастап 28284 теңгені құрайтын болса, ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50% - 14142 теңгені құрайды.

Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмекті айырмашылығы қазіргі таңда 3 түрлі көмекті алу үшін 3 мекемеге құжаттың 3 топтамасын тапсыратын болсақ, 2018-жылдан бастап 1 құжаттың топтамасымен бір ғана мекемеге, яғни Халықты жұмыспен қамту орталығына жүгінетін болады. Жаңа нысандағы атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау төмендегідей кезеңдерден тұрады:

Жаңа нысандағы АӘК шартсыз ақшалай көмек түріне жүгіну 3 кезеңнен тұрады:

1.кеңес беру және мұқтаж азаматтарды анықтау;
2.өтініш қабылдау;
3.шартты ақшалай көмекті тағайындау;

АӘК шартты ақшалай көмек түрі келесідей кезеңдерден тұрады:

1.кеңес беру және мұқтаж азаматтарды анықтау;
2.өтініш қабылдау;
3.әлеуметтік келісім-шарт түзу;
4.шартты ақшалай көмекті тағайындау;
5.әлеуметтік келісімшарт талаптарын орындау барысында отбасын сүйемелдеу.

Жаңа нысандағы АӘК қолданыстағы бағдарламадан айырмашылығы – бұл отбасының жекелеген қажеттіліктеріне бағытталған. Әлеуметтік қоғаудың тәжірибесінде алғаш рет жұмыс өтініш берушімен ғана емес, отбасының еңбекке қабілетті адамдардың барлығымен жүргізіледі. Жаңа форматтағы АӘК түсіндіру бойынша 2017-жылдың 1-қарашасында «Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылығының жиын залында, 9 және 23-қарашасында қалалық мәслихаттың мәжіліс залында кездесулер өткізілді. Жұмыспен қамтылған азаматтарға АӘК жәрдемақысын толық түсіндіру үшін бірнеше мекемелердің қызметкерлеріне, атап айтқанда № 1 жалпы білім беретін орта мектебі, № 2 жалпы білім беретін орта мектебі, «Балақай» бала – бақшасы», «Балбөбек» бала – бақшасы», «Айналайын» бала – бақшасы», «Достық» балалар және жасөспірімдер орталығында, Приозерск қалалық кітапханасында және «ТҮҚҚБ» КММ-де түсіндіру жұмыстары өткізілді. Алда тағы да көптеген түсіндіру жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар сұрақтарыңыз болған жағдайда толық мәлімет алу үшін Жұмыспен қамту орталығына жүгінулеріңізді сұраймыз.

**Дүрия БИЖАНОВА,**
***«Приозерск қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ директоры***

# ПРЕСС-РЕЛИЗ

В рамках деятельности осуществляемой некоммерческим АО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по вопросам продвижения и популяризации сервисов веб-портала «Электронного правительства», электронной цифровой подписи, обеспечения работы секторов самообслуживания Комитетом совместно с Министерством информации и коммуникаций с 01.11.2017 года запущен пилотный проект по приему всех обращений через ЦОНы Карагандинской и Восточно-Казахстанской областей для дальнейшего направления их адресату посредством Портала.

Целью проекта является сокращение времени отправки, вместо прежних 3-5 дней до нескольких минут, а также обеспечению эффективности, оперативности и прозрачности деятельности государственныйх органов, усиление их ответственности и исполнительской дисциплины, создание дополнительных механизмов обеспечения обратной связи с населением и субъектами предпринимательства.

Для этого, работник ЦОНа направляет в сектор самообслуживания граждан, желающих подать обращение по вопросам деятельности государственных органов или учреждений посредством Портала.

Работник ЦОНа (консультант сектора самообслуживания):

-проверяет наличие у него ЭЦП, при его отсутствии разъясняет порядок и оказывает помощь по оформлению ЭЦП;

-обеспечивает регистрацию гражданина в «базе мобильных граждан»;

-оказывает содействие в сканировании заявления и иных документов связанных с обращением по вопросам деятельности государственных органов или учреждений (при необходимости), при этом после сканирования возвращает бумажный экземпляр обращения (материалов, флэшки, дисков) гражданину с разъяснением положений статьи 7 Закона Республики Казахстан «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», согласно которого электронный документ равнозначен его подлиннику на бумажном носителе;

-проводит детальную консультацию по порядку подачи обращений посредством Портала (по желанию гражданина);

-после подачи обращения контролирует удаление ЭЦП гражданина с рабочих станций сектора самообслуживания и сообщает ему о возможности получения информации о ходе рассмотрения его обращения через личный кабинет на Портале, а также возможности авторизации при входе в Портал посредством одноразового пароля.

**Г. Жунусова,**
***ст.прокурор НЗПСиСУ по г.Балхаш, УКПСиСУ ГП РК по Карагандинской обл., юрист 1-го класса***

# ИНФОРМАЦИЯ ОБ ИСПОЛНЕНИИ ПРОГРАММЫ «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

**В рамках реализации государственной программы «Рухани жаңғыру» проекта «Атамекен» базового направления «Әлеуметтік бастамалар картасы» в городе Приозерск были реализовны три проекта по благоустройству.**

**Въездная арка**

Въездная арка города Приозерск символизирует собой главные ворота города. Композиция состоит из двух опор, которые поддерживают в центре шанырак – символ единства и благополучия. Данный проект был реализован за счет спонсорких средств на общую сумму – 1,8 млн. тенге. Спонсорами являются - ИП «Нарымбетов» и АО «ЖРЭК»

**Памятник ветераном ВОВ.**

По инициативе руководства города в рамках программы «Рухани жаңғыру» было решено построить памятник участникам Великой Отечественной войны (1941-1945 гг.) в городе. В ходе ремонта была произведена укладка плитки у пьедестала памятника, укладка тротуарной плитки на территории памятника, устновка освещения, установка урн и скамеек.

Данный проект был реализован на общую сумму – 4,5 млн. тенге. Спонсор данного проекта – ТОО «Каздорстройтех», которое является крупной строительной компанией.

**Установка камер наружного видеонаблюдения**

В текущем году в рамках программы «Рухани жаңғыру», а также в целях улучшения криминогенной обстановки в городе, содействие в оперативном раскрытии преступлений за счет спонсорских средств были установлены 20 камер видеонаблюдения на перекрестках улиц и во дворах многоэтажных жилых домов, что позволило создать безопасное и комфортное пребывание в городе как жителей так и гостей города.

Сумма проекта – 3,0 млн. тенге. Спонсор – ТОО «В-Тел». Данная организация занимется обеспечианием города с оптоволоконным интернетом.

Мероприятия освещены в местной газете «Приозерский вестник» и на сайтах отдела ЖКХ,ПТ,АДиЖИ zhkh.priozersk-akimat.gov.kz, аппарата акима города Приозерск http://priozersk-akimat.gov.kz/ru/ и отдела внутренней политики, культуры и развития языков http://isb-priozersk.gov.kz.

**Д.А.Шатекова,**
***главный специалист ОВП,КиРЯ г.Приозерск***

# ДЛЯ ДЕВОЧЕК ПЕРВОСТЕПЕННЫМ ЯВЛЯЕТСЯ ОБРАЗОВАНИЕ, А НЕ ПЛАТОК

*Мы не вчера стали мусульманами...*

***Сегодня одной из злободневных и актуальных проблем является вопрос ношения хиджаба, который стал объектом частых споров между школой и обществом. Уже давно среди наших граждан, да и в целом в обществе не утихают обсуждения о проблеме покрытия головы девочками в школах, обусловленных неприятием светских законов страны со стороны сторонников иных взглядов. Интересен и тот факт, что среди людей есть и такие, которые поддерживают покрытие черным платком головы совсем еще маленьких девочек. Достаточно и таких, кто беспокоится о будущем и поднимает данный вопрос на обсуждение. Суть данной проблемы мы попросили разъяснить доктора философских и теологических наук, профессора Досая Кенжетая.***

***- Досай Турсынбаевич, в последнее время в обществе часто поднимается вопрос ношения платка девочками. Почему данная проблема обострилась?***

-Действительно так, не секрет, что не ношение платка, а именно «хиджаба» породило в общественном сознании большинство противоречий. Если ношение платка проявилось в качестве религиозно-познавательного вопроса, то это легко исправить. Это можно было бы решить просветительским путем - расширением мировоззрения через повышение грамотности, разъяснение религиозных основ. В рамках данной проблемы со стороны СМИ и ДУМК было организовано множество мероприятий, выходили статьи. Однако незаметным оказалось влияние на общественное сознание. Теперь постараемся определить причины данного следствия.

Во-первых, сегодня в СМИ наблюдается активная тенденция освещения этого явления. Вполне вероятно, что раздувание данной тематики является заказом. Возможно, данный заказ исходит от внешних политических сил, пытающихся внести раскол в стабильность общества.

Во-вторых, через этот платок внешние правозащитные организации прокладывают путь для воздействия на политику в обществе, основанную на гендерном различии. Например, они готовятся оказывать всестороннее давление посредством смешивания гендерной политики Казахстана и религиозной мотивации граждан. Отсюда хиджаб в их глазах выступает в качестве причины возникновения противоречий на гендерной, религиозной, социальной, политической и правовой основе.

Действительно, не хватает разъяснительных работ по донесению содержания и идеи взаимоотношений светского государства, созданного на принципах общественного, демократического согласия, направленные на внешние силы. Для нашего же общества потребность в этом заключается в создании иммунитета на влияние извне.

В-третьих, если рассматривать с религиозной стороны, шестилетняя девочка не несет никакой ответственности перед Аллахом. Поэтому действия, направленные на подчеркивание гендерной принадлежности, религиозного отличия, и отдаление от одноклассников является действием, которое идет в разрез с нашей религией, менталитетом и законами. Эти действия осуществляются не самим ребенком, а родителями, которые так его воспитывают. На это у ребенка не хватит ни воли, ни сознания, ни разума, да и внутренней веры у него не достаточно. Все это указывает на то, что ребенок выступает в качестве инструмента в руках родителей, посредством которого они выступают против свободных законов, не признают требования светского общества.

Мы – народ, сформировавший нацию, чья культура была построена в тесной взаимосвязи с исламом, имеющий традиционную государственность и исторический опыт. Мы не вчера стали мусульманами. Неосалафитская тенденция в обществе отрицает все и пытается сформировать у верующих негативное психологическое отношение к вышеперечисленному. Эта напасть является противопоставлением личного образа жизни, которая подразумевает отделение института семьи от общества, отчуждение значимости общества в иммanентном смысле, отношение с пренебрежением к требованиям общества, непризнание закона.

В-четвертых, в исламе вне зависимости от пола творения равны хотя бы тем, что были созданы единым творцом. Мнения о том, что женщина была создана от ребра мужчины, ошибочны. Так как все равны перед Аллахом. В исламе получение образования является обязательным - что для мужчины, что и для женщины. В данном вопросе предусмотрено, что содержание знаний должно соответствовать временным или ситуативным требованиям. Если в эпоху глобализации наше государство дает знание с целью, чтобы наш народ не отставал от других, то ханафитский мазхаб также придерживается этой позиции. Фактом является и то, что система образования у нас носит светский характер. В этой связи даже с позиции религии и мужчины, и женщины будут привлечены к ответственности перед Аллахом за неисполнение предписанного. Наша страна одна из немногих стран, которые оказывают полную поддержку развитию религии ислам.

Глава государства Нурсултан Назарбаев представил народу светскость в качестве нашей ценности, которая должна уважаться с ценностно-аксиологической позиции. По этой причине детям ни в шесть лет, ни в подростковом возрасте, в государственных учреждениях не позволятся, аппелируя к религиозным взглядам, использовать в одеянии религиозную атрибутику, и делать это причиной отчуждения общества. Каждый ребенок в этом возрасте обязан получать образование, и государство не может перешагнуть через этот стандарт образования. Принцип светскости предусматривает и возможность обучения детей в специальных образовательных учреждениях, где допускается ношение религиозной атрибутики. А после окончания школы гражданин вправе сам решать, будет ли он получать высшее образование или нет.

В-пятых, особенно нужно учесть то, что школы должны обдуманно и конструктивно подходить к воплощению стандартов образования, направленных на привитие семейных ценностей и светских требований будущим поколениям нашего общества. В наше время родителей волнует проблема беременности среди школьников, когда еще юные дети становятся родителями уже в стенах школы. Вполне возможно и то, что родители пытаются оградить от таких вещей своих детей посредством привития им религиозных взглядов. Это указывает на то, что в стенах школ не соблюдается баланс между образованием и воспитанием. В этой связи вполне естественно, что родители подвергаются психологической тревоге и видят в религиозности параллельную системе образования опору для детей. Психологам хорошо известны последствия для психики ребенка, которые возникают в результате перехода данных тревог от родителей к детям. В итоге снова страдает ребенок.

Если смотреть в корень проблемы, возможно родителю спокойнее не пускать девочку в школу, однако это вполне может привести к тому, что ребенок в будущем будет с презрением относиться к обществу. Мы должны помнить, что сомнение, пугливость, страх, сожаление, в итоге - ненависть могут привести к тому, что ребенок будет считать своей целью противостояние государственному строю. Если психология не будет укрепляться, а тенденция ваххабизма не ослабнет, то эта ситуация не изменится. Данная проблема также будет определять их повестку дня и являться причиной их недовольства. В итоге в таком обществе религиозные познания будут превалировать над научными.

В-шестых, ваххабитская тенденция становится модой в обществе. Это прежде всего характеризует молодых людей, предающихся вере. Их вопрос – «Это есть в Коране?». Они на любые проблемы, даже на мелкие вопросы ищут ответы в Коране. Порой даже в ступор вводит их просьба привести один пример, мнение, толкование из Корана по любому незначительному вопросу. Они при этом ожидают услышать некую концепцию, принцип, правило, закон. Если посмотреть на это с точки зрения конкретных понятий, то в Коране не найдешь слов молда, медресе, пост, намаз, пророк, хиджаб, бог и др. У этих слов есть аналоги на арабском языке, такие как саум, салат, наби, расул, хумур. По этой причине наша молодежь не понимает, что эта тенденция помимо религии привносит в нашу культуру «элементы арабской культуры и религиозной идентичности». Нужно разъяснять той молодежи, которая одевается в черные цвета, будто недавно овдовевшая женщина, либо носит длинную бороду, будто мужчина стремящийся выглядеть старше, что они следуют арабской культуре. Им надо дать понять, что их внешний вид является символичной причиной исламофобии.

В-седьмых, за проблемой хиджаба кроются риски национальной трансформации, пересмотра традиций и искожение менталитета. В центре казахской культуры, обычаев, семьи стоит мать. Укутанные ваххабитской идеологией наши дочки, тоже будущие матери, которые подвергаются удушению со стороны арабской культуры. Это даже опаснее, чем вчерашняя идеология коммунизма. Из-за этого мы завтра столкнемся с такой ситуацией, когда родственники не смогут зайти в дом по причине того, что дома нет мужа. Почему? Мужа нет дома. И казахский менталитет отходит на задний план. Со временем придадут забвению и знание семи поколений. Потому что согласно Корану, если человек не питался тем же материнским молоком, то никах с ним дозволен. Кто гарант тому, что завтра укутанные этой идеологией казахи не будут иначе рассматривать своих племянников и других родственников?

В целом эта ваххабитская идеология стремится реформировать традиционные понятия о исламе, вероспрятие казахов, менталитет, традиции и культуру. Казахи обращали внимание не на форму, а на содержание, не на феномен, а на суть. А сегодня наших девочек обманывают, говоря если не укутаешься в хиджаб, то станешь причиной смуты. В этой связи хочу напомнить, что в нашей культуре есть национальная одежда, которая идет нашим девушкам. Если так и дальше пойдет, мы станем свидетелями, когда девушки вместо того, чтобы называть невесткой или подругой, будет называть всех сестрой, чтобы не стать причиной смуты, от которой ее предостерегает окружение. Они уже не обращают внимания на то, что согласно Корану требуется закрывать срамные места и сердце.

В этой связи обращаясь к девушкам, хочу сказать, давайте прежде всего укрывать свое сердце, прежде всего призываю получать знания и не быть невежественной. Как может появится умный ребенок от невежественной матери, и каково будет его отношение к своему народу? Также призываю родителей к терпению и пониманию.

***-Как вы считаете, по какой причине верующие и руководители учебных заведений не могут прийти к общему решению проблемы?***

-Я уже говорил об этих причинах выше. Эта проблема кроется в отсутствии правильного понимания религии и принципов светскости у обеих сторон. А именно, данный спор является причиной неспособности сторонами правильно оценивать социальные условия, пространственные и временные требования. Обобщая это, следует задаться вопросом, что согласно религии ислам является более важным для девочки - укутаться или получить знания? В исламе для девочки в обязанность вменяется именно получение знаний. И для служения Аллаху, и для решения повседневных и бытовых задач, выполнения обязанностей и осознания своей ответственности требуются знания, изучение, мыслительный процесс и сознание. А после придет и очередь для платка.

***–Какие есть механизмы решения данной проблемы?***

–Главный механизм кроется в наших светских законах, в них определены рычаги, которые позволяют «и быку быть целым, и телеге не рассыпаться». Эти механизмы толком не используются. Для того, чтобы механизм работал, нужно совместно с обществом восстановить мост между государственными институтами и общественно-религиозными объединениями. При этом нужно, чтобы направления и интересы обоих институтов были переплетены и дополняли друг друга ради общей цели. Я думаю, если государство будет справляться с ролью «отца», а общество с ролью «матери», то и их «дети» не станут инструментом в чьих-то руках.

***-Благодарю за беседу!***

***Беседовала Зарина Кибаева,***
***«Жас қазақ»***

*Внимание, инфекционное заболевание!*

# СПИД: ИСТОЧНИК ИНФЕКЦИИ, ДИАГНОСТИКА, РАСПРОСТРАНЕНИЕ, СИМПТОМЫ, ЛЕЧЕНИЕ

**ВИЧ-инфекция** - новое инфекционное заболевание, называвшееся до открытия ее возбудителя как синдром приобретенного иммунодефицита (СПИД). ВИЧ-инфекция - прогрессирующее антропонозное инфекционное заболевание, с кровоконтактным механизмом заражения, характеризующееся специфическим поражением иммунной системы с развитием тяжелого иммунодефицита, который проявляется вторичными инфекциями, злокачественными новообразованиями и аутоиммунными процессами.

**Источником ВИЧ-инфекции является** больной СПИДом человек или бессимптомный вирусоноситель. Основной механизм передачи инфекции – кровоконтактный. Болезнь передается при половых контактах, особенно гомосексуальных; от инфицированной матери к ребенку в период беременности через плаценту, во время родов, при грудном вскармливании от матери к плоду; через бритвенные приборы и другие колющережущие предметы, зубные щетки и т. п. Эпидемиологи ВИЧ не допускают существования воздушно-капельного и фекально-орального путей передачи, так как выделение ВИЧ с мокротой, мочой и калом весьма незначительно, а также незначительно и число восприимчивых клеток в желудочно-кишеч-ном тракте и дыхательных путях.

**Существует и искусственный путь передачи**: при лечебно-диагностических манипуляциях путем проникновения вируса через поврежденную кожу, слизистые оболочки (трансфузии крови и ее препаратов, трансплантации органов и тканей, инъекции, операции, эндоскопические процедуры и т. п.), искусственном оплодотворении, при внутривенном введении наркотических веществ, выполнении различного рода татуировок.

